

**2025 жылғы «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ жанындағы 8D023 Тілдер және әдебиет бағыты бойынша (білім беру бағдарламалары «8D02321 (6D020700)– Аударма ісі», «8D02322 (6D021000) – Шетел филологиясы»**

**диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есебі**

1. Диссертациялық кеңестің өткізген отырыстары туралы деректер. 2024 жылы диссертациялық кеңес 4 (төрт) отырыс өткізді, оның ішінде: 2 (екі) отырыс – философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау бойынша, 2 (екі) отырыс – ұйымдастырушылық және жұмыс мәселелері бойынша өткізілген.
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері жоқ.
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

| №  | ТАЖ                           | Оқу орны                                                                             | Шифр, мамандық               | Қорғау күні | Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні                                                     |
|----|-------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|-------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|
| 1  | Татыева Жансаи Амангельдықызы | «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ | 6D021000 – Шетел филологиясы | 11.06.2025  | «Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы» 2025 жылғы 17 қарашадағы № 2036 бұйрығы |
| 2. | Сраилова Акмарал Бердалиевна  | «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ | 6D021000 – Шетел филологиясы | 02.10.2025  | -                                                                                       |

**4. Диссертациялық кеңес есепті жыл ішінде қараған диссертацияларға қысқаша талдау:**

**4.1. «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «Ұлыбритания, АҚШ және Қазақстан университеттерінің бірегейлігін көрсететін маркетингтік дискурстың лингвокогнитивтік және социомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы Татыева Жансая Амангельдықызының диссертациялық жұмысы:**

**1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;**

Татыева Жансая Амангельдықызының диссертациясы Ұлыбритания, АҚШ және Қазақстан университеттерінің ұйымдық бірегейлігін танытатын маркетингтік дискурсты лингвокогнитивтік және социомәдени тәсілдер

тұрғысынан кешенді зерттеуге арналған. Жұмыстың тақырыбы қазіргі заманғы лингвистика, дискурсология, когнитивтік лингвистика және білім беру зерттеулерінің тоғысында орналасқан және халықаралық білім беру нарығындағы жаһандық бәсекелестік жағдайында жоғары оқу орындарының бірегейлігін тілдік және концептуалдық тұрғыдан құрастыру тетіктерін айқындауға бағытталған. Зерттеуде «Университет» концептісін, когнитивтік домендерді және білім беру ұйымдарының маркетингтік тұрғыдан тартымды бейнесін қалыптастыратын тілдік құралдарды талдауға ерекше назар аударылады.

Таңдалған тақырыптың өзектілігі жоғары білім беру саласындағы интернационалдандыру және маркетингтік үдерістерімен, университеттердің өзін таныстыруындағы стратегиялық коммуникациялар мен цифрлық арналардың рөлінің күшеюімен айқындалады. Үш ел университеттерінің дискурсивтік тәжірибелеріне жүргізілген салыстырмалы талдау ұйымдық бірегейлікті қалыптастырудың әмбебап әрі ұлттық-ерекшелік сипаттарын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы корпустық талдау әдістерін (атап айтқанда, WMatrix 5.0 бағдарламасын) когнитивтік-концептуалдық және лингвосоциомәдени талдаумен ұштастыра қолдануында көрініс табады, бұл зерттеудің кешенді әрі әдіснамалық тұрғыдан негізделген сипатын қамтамасыз етеді.

**2) диссертация тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:**

Диссертациялық зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен, атап айтқанда гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарды дамыту, сондай-ақ білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртуға бағытталған зерттеулермен тікелей сабақтас. Жұмыс бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастыру, ғылыми-білім беру әлеуетін дамыту және Қазақстанның жоғары білім жүйесін жаһандық академиялық кеңістікке интеграциялау міндеттеріне сай келеді, бұл Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттарында көрініс тапқан.

Зерттеу нәтижелері «Қазақстан-2050» стратегиясының және Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының ережелерімен, атап айтқанда университеттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықаралық академиялық беделін дамыту және заманауи басқарушылық әрі коммуникативтік тәжірибелерді енгізу бағыттарымен өзара үйлеседі. Қазақстан университеттерінің маркетингтік дискурсын талдау мемлекеттік білім беру саясаты мен стратегиялық бағдарламалардың ұйымдық бірегейлікті қалыптастыруға ықпалын айқындайды, бұл диссертацияның ғылым және білім

саласындағы мемлекеттік басымдықтарды іске асыру үшін практикалық маңыздылығын растайды.

### **3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.**

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді білім беру, ғылыми-әдістемелік және кәсіби қызметте пайдалану мүмкіндігімен айқындалады. Диссертация материалдары дискурсология, коммуникативистика, маркетингтік лингвистика, когнитивтік маркетинг бойынша оқу курстарына, сондай-ақ тілдік маркетинг, PR және цифрлық коммуникациялар саласындағы мамандарды даярлау бағдарламаларына енгізілуі мүмкін. Өзірленген талдамалық модельдер мен айқындалған лингвокогнитивтік сипаттамалар білім беру ұйымдарының ұйымдық бірегейлігін одан әрі зерттеуге арналған әдістемелік негіз бола алады.

Зерттеу нәтижелерін практикалық тұрғыдан университеттердің ресми веб-сайттарының контентін әзірлеу және оңтайландыру барысында, брендинг пен беделдік позициялау стратегияларын қалыптастыруда, сондай-ақ білім беру ұйымдарының маркетингтік және имидждік материалдарын дайындау кезінде қолдануға болады. Зерттеу нәтижелерінің Scopus дерекқорында индекстелетін журналды қоса алғанда, халықаралық және отандық ғылыми басылымдарда жариялануы, сондай-ақ халықаралық конференцияларда апробациядан өтуі диссертацияның ғылыми нәтижелерінің академиялық және кәсіби ортада жоғары деңгейде енгізілгенін және сұранысқа ие екенін дәлелдейді.

#### **4.2. «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша «Поэтикалық дискурстағы просодикалық ерекшеліктерінің коммуникативті-прагматикалық аспектісі (қазіргі заманғы ағылшын және қазақ поэзиясының материалдары негізінде)» тақырыбындағы Сраилова Акмарал Бердалиевнаның диссертациялық жұмысы:**

##### **1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;**

Сраилова Акмарал Бердалиевнаның диссертациялық жұмысы қазіргі ағылшын және қазақ поэзиясының материалында поэтикалық дискурс ерекшеліктерін коммуникативтік-прагматикалық аспектіден зерттеуге арналған. Зерттеу тақырыбы қазіргі заманғы лингвистиканың өзекті бағыттарына сай болып, фонетика, поэтикалық дискурс, прагмалингвистика және мәдениаралық коммуникация мәселелерін біріктіреді. Автордың назарында – поэзиялық мәтіннің мағына қалыптастыру және прагматикалық ықпалында маңызды рөл атқаратын просодия, ол автордың эмоционалды-экспрессивтік және коммуникативтік ниеттерін жеткізуді қамтамасыз етеді.

Зерттеудің өзектілігі көркем мәтіндерді дискурстық талдауға артқан қызығушылықпен, сондай-ақ ұлттық-мәдени ерекшеліктерді ескере отырып дыбыстық поэзияны кешенді зерттеу қажеттілігімен анықталады. Ағылшын және қазақ поэтикалық дискурсын салыстырмалы талдау поэзиялық тілдің прагматикалық әлеуетін іске асырудағы әмбебап және ерекшеленетін просодиялық құралдарды айқындауға мүмкіндік береді. Диссертациялық

жұмыстың тақырыбы ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнімен ерекшеленеді, себебі ол көркем мәтіннің коммуникативтік мәнін қалыптастырудағы просодияның рөлі туралы түсініктерді кеңейтеді.

**2) диссертация тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:**

Диссертациялық зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия белгілеген гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарды дамытудың басым бағыттарына, атап айтқанда филологиялық ғылымды, мәдениаралық коммуникацияны және тіл білімін дамыту саласына сәйкес келеді. Жұмыс коммуникацияның тілдік механизмдерін терең зерттеуге бағытталған, бұл бәсекеге қабілетті гуманитарлық білім қалыптастыру және жаһандану жағдайында ұлттық лингвистикалық мектепті дамыту міндеттеріне сай келеді.

Зерттеу сондай-ақ Қазақстан Республикасының тіл саясатын дамытуға, көптілділікті қолдауға және қазақстандық ғылымды халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграциялауға бағытталған стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының ережелеріне сәйкес келеді. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурсты талдау мәдениаралық диалогты нығайтуға және салыстырмалы әрі когнитивтік лингвистика саласындағы ғылыми зерттеулерді кеңейтуге ықпал етеді, бұл ғылым және білім саласындағы мемлекеттік басымдықтарға сай келеді.

**3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.**

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарының білім беру процесінде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Диссертация материалдары фонетика, дискурс теориясы, прагмалингвистика, стилистика және көркем мәтінді талдау курстарына, сондай-ақ поэтикалық дискурс пен мәдениаралық коммуникацияға арналған арнайы курстарға енгізілуі мүмкін. Зерттеу нәтижелері дыбыстық поэзияны талдауға арналған оқу-әдістемелік құралдар мен практикалық сабақтарды дайындауда қолданылуы мүмкін.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері сондай-ақ просодияны, поэтикалық мәтінді және көркем дискурстың коммуникативтік стратегияларын зерттеуге байланысты ғылыми-зерттеу қызметінде қолданылуы мүмкін. Зерттеудің негізгі тұжырымдарының ғылыми басылымдарда жариялануы және конференцияларда апробациялануы олардың академиялық ортада практикалық қолданылу мүмкіндігін көрсетеді. Алынған қорытындылар филология саласының мамандары, шет тілін оқытушылар және көркем әрі поэтикалық дискурсты зерттеушілер үшін қызығушылық тудырады.

## **5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлердің мысалында).**

Рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес ресми рецензенттер мен ғылыми консультанттардың бір-бірінен тәуелсіз болу принципіне сүйенді. Диссертациялық кеңес ресми рецензенттердің диссертациялық зерттеуді терең талдағанын атап өтіп, олардың жұмысын қанағаттанарлық деп бағалайды. Рецензенттер диссертациялық зерттеуді бағалау бойынша аналитикалық жұмыс жүргізді, бұл олардың пікірлерінде төмендегідей аспектілер бойынша көрсетілді: диссертацияның ғылымды дамытудың бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі; өзектілігі; жаңалық, дербестік, сенімділік, ішкі біртұтастық, практикалық маңыздылық және академиялық адалдық принциптеріне сәйкестігі. Дұрыс рәсімделген ресми рецензенттердің пікірлері 28-баптағы Типтік ережелер талаптарына сәйкес уақытында ұсынылды.

**Татыева Жансая Амангельдықызының диссертациясы бойынша рецензенттер** жұмысты толыққанды және дәлелді бағалап, оны жоғары теориялық-әдістемелік деңгейде орындалған ғылыми зерттеу деп сипаттайды. Рецензенттер таңдалған тақырыптың өзектілігін атап көрсетеді, ол жоғары білімнің интернационалдануы мен маркетингизациясы үдерістерімен, сондай-ақ университеттердің ұйымдық бірегейлігін жаһандық білім беру кеңістігінде қалыптастырудағы дискурстық тәжірибелердің артып келе жатқан рөлімен байланысты. Сонымен қатар, зерттеудің дискурсология, когнитивтік лингвистика және социомәдени талдау жетістіктерін біріктіретін көпсалалы сипаты ерекше аталып өтілген.

Пікірлерде жұмыстың ғылыми жаңалығы мен әдіснамалық негізділігі жоғары бағаланады, соның ішінде корпустық талдау әдістерін және WMatrix бағдарламалық құралын қолдану нәтижелердің объективтілігі мен репрезентативтілігін қамтамасыз етеді деп көрсетілген. Рецензенттер диссертацияның логикалық құрылымына, материалдың баяндалу реттілігіне және әр бөлім бойынша қорытындылардың негізділігіне ерекше назар аударады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы да атап өтілген, ол алынған нәтижелерді университеттердің білім беру, ғылыми-әдістемелік және басқарушылық тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік береді.

**Ресми рецензенттердің пікірлерінде Сраилова Акмарал Бердалиевнаның** диссертациялық жұмысы өзектілігі мен ғылыми маңыздылығы жоғары деп бағаланған, заманауи филологиялық парадигма шеңберінде орындалған зерттеу ретінде дәлелді сипатталған. Рецензенттер тақырыптың өзектілігін атап көрсетеді, ол көркем дискурсты коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан талдауға артқан қызығушылықпен және поэтикалық мәтіндегі просодиялық құралдардың, әсіресе ағылшын және қазақ тілдеріндегі салыстырмалы аспектілердің жеткіліксіз зерттелуіне байланысты анықталған. Сонымен қатар, таңдалған проблематика қазіргі лингвистикалық ғылымды дамыту бағыттарына сәйкес келетіні айтылады.

Пікірлерде диссертацияның ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні жоғары бағаланады, ол поэтикалық дискурстың прагматикалық әлеуетін іске

асыру құралы ретінде просодияны жүйелі талдаумен көрініс табады. Рецензенттер зерттеу әдістемесінің негізділігін, тілдік материалды дұрыс таңдауын және диссертациялық жұмыстың логикалық құрылымын атап өтеді. Сонымен қатар, алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығына ерекше назар аударылады; олар білім беру процесінде, фонетика, прагмалингвистика және көркем мәтінді талдау пәндерін оқытуда қолданылуы мүмкін.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар:**

- Шетелдік ғылыми жетекшілерді формалды тартудан тұрақты қызмет ететін академиялық әріптестікке өту ұсынылады. Докторант пен халықаралық ғылыми жетекшінің бірлескен ғылыми жарияланымдары немесе зерттеу жобаларын міндетті түрде жүргізуін қамтамасыз ету, сондай-ақ докторанттардың халықаралық гранттық бағдарламалар мен ғылыми консорциумдарға қатысуын қолдау тиімді болады. Бұл зерттеулер сапасын арттыруға және қазақстандық ғылымды әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялауға мүмкіндік береді.

- Ғылыми нәтижелілікті, халықаралық бәсекеге қабілеттілікті және докторлық зерттеулердің практикалық маңыздылығын арттыру мақсатында Қазақстанда докторантураға гранттар бөлудің қазіргі тетігін трансформациялау қарастырылуы тиісті. Жеке бағытталған қаржыландыру моделінен жетекші шетелдік университеттер мен ғылыми орталықтарда кең қолданылатын жобалық бағытталған модельге көшу ұсынылады. Бұл модельде докторанттар абстрактты ғылыми мамандыққа емес, нақты зерттеу жобасына қабылданады, онда ғылыми мәселе, әдістеме, күтілетін нәтижелер мен практикалық әсер айқын түрде анықталады. Қазақстан контекстінде аталған модельді кезең-кезеңімен енгізу мүмкін деп есептеледі: алдымен жетекші зерттеу университеттерінде пилоттық бағдарламалар арқылы, кейін ұлттық деңгейде кеңейту. Сол уақытта докторанттарды жеке іріктеу элементтерін сақтау ұсынылады, бірақ олар бекітілген ғылыми жобаларға қатаң байланыстырылған түрде жүргізілуі тиіс.

- Ағымдағы бақылау жүйесін мазмұнды ғылыми сараптамаға трансформациялау орынды деп есептеледі. Диссертациялық зерттеудің прогресін тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен, соның ішінде шетелдік ғылыми орталықтар мен отандық ғылыми-зерттеу институттарының өкілдерін тарту арқылы жүйелі сыртқы бағалау тәжірибесін енгізу ұсынылады.

- Алдын ала қорғау рәсімін ашық ғылыми семинарлар форматында өткізу ұсынылады.

- Докторанттардың ішкі және сыртқы академиялық мобильдігін ынталандыру қажет, соның ішінде басқа Қазақстан университеттері мен ғылыми ұйымдарында, сондай-ақ шетелде семестрлік оқу немесе зерттеу жұмысына қатысу мүмкіндіктері.

- Докторантураны қолдауға арналған біртұтас цифрлық платформаны құру тиімді, ол ғылыми прогресті, жарияланым белсенділігін және академиялық адалдықты бақылауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ қорғалған жұмыстардың бірыңғай цифрлық дерекқорын жасауға мүмкіндік береді.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі диссертациялардың саны:**

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 2.

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

ДК-тің төрағасы

А.Ислам

ДК-тің ғалым хатшысы

А.М. Куркимбаева

Мерзімі "15" ноябрь 2025 жыл.